

КЕЛІСІМ ШАРТ

« » 20 ж.

«Талдықорған орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры М.Оханов және «Коринская ГЭС-2» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директоры М.А.Тукенов, Қазақстан Республикасының орман кодексінің 51 бабына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 18-02/45 бұйрығына және «Коринская ГЭС-2» ЖШС 2024 жылдың 13 қыркүйектегі № 1-24/127 шығыс хатына сәйкес орман қорының жері ауыстырылған кезде пайдасына учаске ауыстырылатын тұлғалар ауыстырылатын учаске алаңының екі еселенген мөлшерінде орман дақылдарын өтемдік отырғызуды және мемлекеттік орман қорының құрамына ауыстыру үшін мемлекеттік орман иеленушіге өтемақы тәртібімен тиісті жергілікті атқарушы органдар берген жер учаскелерінде оларды отырғызғаннан кейін алғашқы үш жыл бойы орман дақылдарына күтім жасауды жүзеге асыру негізінде келісім шарт жасадық.

1. Келісім шарттың мәні

1.1.«Коринская ГЭС-2» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қора ГЭС-2 және Қора ГЭС-3 құрылысы жобасын жүзеге асыру үшін ВЛ-110 кВ әуе электр беру желісін салуға коммуникациялар тарту (электр беру желісінің тректерін орналастыру) жұмыстарын жүргізу үшін «Талдықорған орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қора орманшылығынан жалпы көлемі 3,7582 га жер учаскесін алған. ҚР Ауыл шаруашылығы министрілігінің 2015 жылғы 23 қазандағы № 18-02/942 бұйрығымен бекітілген қағиданың 18-ші тармағын орындау мақсатында, екі еселенген мөлшерде яғни 7,52 га жерге орман дақылдарын өтемдік отырғызуды және мемлекеттік орман қорының құрамына ауыстыру .

2. Орындаушы тараптың міндеттері

- 2.1. ҚР Ауыл шаруашылығы министрілігінің 2015 жылғы 23 қазандағы № 18-02/942 бұйрығымен бекітілген қағиданың 18-ші тармағын орындау.
- 2.2. Қағидаға сәйкес тиісті жергілікті атқарушы органдар берген жер учаскелерін нақты белгілеу.
- 2.3. Жер учаскесі 7,52 га кем болмауы тиіс.
- 2.4. Дайындалған жерге ағаш түрін, отырғызу схемасын орман шаруашылық мекемесімен келісе отырып егу.
- 2.5.Егілген екпе ағаштарына 3 жыл бойы күтіп-баптау, қорғау жұмыстарын жасау.
- 2.6.Жерсінуді пайызы 85 – тен кем болған жағдайда 100 % дейін толықтыру жұмыстарын жүргізу.
- 2.7.Екпе көшеттердің жерсінуді МОҚ ауыстыру жылында кем дегенде 85 % құрауы тиіс.
- 2.8.Ағаш егілген жер учаскесін 3 жылдан кейін мемлекеттік орман қорының құрамына ауыстыру.


3. Келісім шарт мерзімі

- 3.1.Келісім шарт тараптар қол қойылғаннан бастап күшіне еніп, шекті мерзім аяқталғаннан кейін күшін жояды;


3.2. Осы келісім шарттың орындалуына байланысты қатынас, Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі;

4. Қосымша шарттар

- 4.1. Осы келісім шарт бойынша тараптар арасында туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер, Қазақстан Республикасының Орман кодексі арқылы шешіледі;
- 4.2. Осы келісім шартқа жазбаша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда жарамды болып табылады;
- 4.3. Тараптар осы келісім шартқа өзгерістер немесе толықтырулар енгізу үшін жасаған ұсыныстары мен толықтырулары келісім шарттың ажырамас бөлігіне айналады және заңды күшіне ие болады;
- 4.4. Осы келісім шарт қазақ тілінде және екі данада жасалып, бірдей заңды күшіне ие. Әрбір тарапқа бір данадан тиесілі.

«Талдықорған орман шаруашылығы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
Қазақстан республикасы Жетісу обылысы
Талдықорған қ, Аққайың көшесі 1 (А).
Тел: +7 (7282) 41-12-43
Факс: +7 (7282) 41-12-43
E-mail: Taldykorgan_leshoz@mail.ru
Директор  М.И.Оханов
М.Ө



«Коринская ГЭС-2» ЖШС
Қазақстан республикасы Жетісу обылысы
Талдықорған қ, Абылайхан көшесі, 266
Тел: +7 (7282) 30-93-93
Факс: +7 (7282) 23-53-13
E-mail: ges3kora@gmail.com
Директор  М.А. Туkenov

